

Ертіс аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 72-18-7 "Ертіс ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы № 31-9-8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қазанда № 7410-14 болып тіркелді

Ертіс аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ертіс аудандық мәслихатының "Ертіс ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" 2022 жылғы 26 мамырдағы № 72-18-7 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28289 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ертіс ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік – еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" (бұдан әрі – шығындарды өтеу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес әзірленді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ертіс аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов